


# ЕРТЕҢГІ ҮМІТІМІЗ, СЕНІМДІ ТІРЕГІМІЗ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жастардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасалған. Жастарға сапалы білім беру, гылыми бағытын айқындау, жаңашыл идеяларын қолдау, оларды жұмыспен қамту мәселесі жолға қойылған.



Дуальді және қос дипломды оқыту жүйесінің негізінде түлектер өз мамандықтарымен бірге қосымша мамандық алып, жұмыспен қамтылу мүмкіндігі де артып отыр. Сонымен қатар, қазақ, орыс және ағылшын тілінде білім беру бағдарламасы түзілген. Шетелдік және республиканың жоғары оқу орындарымен бірлесіп, академиялық үтқырылыш бағдарламасы жүйелі жүзеге асырылып келеді.

Жастардың мамандыкты дұрыс таңдауы, сапалы білім алуы – өзекті мәселе. Себебі, еліміздің дамуы, есіп-өркендеуі жастардың мамандық таңдауына, өзі таңдаған кәсіпке деген ынтысина, алған біліміне байланысты және осы мәселеғе ерекше қөніл бөлгөн жөн.

Мен студенттерге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде алты түрлі пәннен дәріс беремін. Олар - «Жалпы химия», «Элементтер химиясы», «Заманауи химия-

ның теориялық негіздері», «Комплексті қосылыстар химиясы», «Химиядағы кәсіби ағылшын тілі», «Химиялық қосылыстардың жіктелуді мен номенклатурасы». Алдағы жылдары мен студенттерге бірнеше жаңа заманауи пәндер ұсынбақылын: «Трансуран элементтерінің химиясы», «Заманауи химияның жетістіктері», «Есептеу химиясы», «Ядролық химия», «Плазма химия», «Заманауи химияғылымының жетістіктері».

Біздің студенттер өз пікірін еш тартынбастаң, ашық жеткізуге дағылданған. Ал, интерактивті дәрістер олардың дамуына жол ашады. Мен осындағы дәрістерде студенттердің ғылыми сипаттағы кез келген пікірін құптаймын және олардың ізденісіне қуанымын.

Сапалы білім берудің заманауи курылымы және оқыту әдістерінің өзгеруі оқытушылардан кәсіби шеберліктерін жаңартуын, инновациялық тәсілдерді кен-

қолдануын қажет етеді. Оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, сапалы білім беру – университеттің профессор-оқытушылар қауымы алдындағы басты міндет. Ал, жаңа технологияны оқу бағдарламасына енгізудегі басты мақсаты – студентке сапалы білім беру отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру және өз бетінше шешім қабылдауга дағдыландыру. Химияны оқытудың белсенді технологиясын, химия-физика-математиканың пәнаралық, байланысын жүзеге асыру, химиялық зерттеулерге университеттің зертханасын тарта отырып мектеп пен университеттің бірлестіріп оқытуды үйімдастыру, студенттердің ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, химия пәнінен жағдаяттық тапсырмаларды пайдалану сыңды химияны оқытудың заманауи әдістерін енгізуге талпынып жүрмін.

Бұғандегі университеттің «Химиялық инженерия және биотехнология» жоғары мектебі мен «Химия және фармацевтикалық инженерия» кафедрасында мыңға жуық студент білім алып жүр. Білімге құштар, креативті ойлайдын жаңашыл ОҚУ студенттерінің білікті маман атанатынына сеніміміз мол. Бұғандегі студенттер – біздің өртөнді үмітіміз, сенімді тірекіміз.

Сәулө НАЗАРБЕКОВА,  
М. Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті «Химия  
және фармацевтикалық  
инженерия»  
кафедрасының  
оқытушысы, химия  
ғылымдарының  
докторы, профессор